



**"ЕуроЦентрАстана" АҚ
Директорлар кеңесі
БЕКІТТІ**

**"28" қыркүйек 2022 ж.
(№28/09/22-1 хаттама)**

**ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ЖӘНЕ ОНЫ
ПАЙДАЛАНУДЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Астана қ., 2022 жыл

Осы Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "ЕвроЦентрАстана" АҚ-да (бұдан әрі – Қоғам) инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылау жүргізу тәртібін регламенттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді, Қоғам инсайдерлеріне қатысты қолданылады, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды бақылауды регламенттейді.
2. Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар мен шартты белгілер қолданылады:
 - 1) инсайдер – Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлға;
 - 2) инсайдерлік ақпарат – Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер, сондай-ақ бағалы қағаздарды шығарған (ұсынған) Қоғам, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сонымен қатар үшінші тұлғаларға белгісіз, жария болуы Қоғамның бағалы қағаздары құнының өзгеруіне және/немесе Қоғамның эмитент ретіндегі қызметіне әсер етуі мүмкін басқадай ақпарат;
 - 3) сауда-саттықты ұйымдастырушы – бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес орталық депозитарий клиенттері арасында баға белгілеулермен алмасу жүйесін пайдалану және қолдау жолымен сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру кезіндегі қор биржасы немесе орталық депозитарий;
 - 4) Қоғам сайты – Қоғамға тиесілі интернет-ресурс (бар болса);
 - 5) Комплаенс басшысы – инсайдерлерге қатысты деректерді жинау процесін ұйымдастыруға жауапты Қоғам қызметкері;
 - 6) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі/Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

2-тарау. Инсайдерлік ақпаратпен жұмыс істеу қағидаттары

3. Инсайдерлердің Қоғамдағы инсайдерлік ақпарат бөлігінде белгіленген талаптарға иелік етуін және сақтауын бақылау келесі жолдармен жүзеге асырылады:
 - 1) инсайдерлерге олардың инсайдерлер тізіміне енгізілгенін хабарлау;
 - 2) Қоғам қызметкерлері болып табылатын инсайдерлерді оқыту және Қағидаларды Қоғам сайтына (болған жағдайда) орналастыру арқылы инсайдерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалардың талаптарымен таныстыру;
 - 3) инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау;
 - 4) инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде ашу;
 - 5) инсайдерлік ақпаратты пайдалануға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Қағидаларда тыйым салынған әрекеттерді жасаған болса, инсайдерлерге шара қолдану;
 - 6) сұрату бойынша уәкілетті органға инсайдерлер тізімін ұсыну.
4. Қоғамның қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына Қоғам клиенттері, инвесторлары және контрагенттері туралы инсайдерлік ақпаратты жария етуге, өз мақсаттарында пайдалануға, үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.
5. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз ашу немесе пайдалану фактісі туралы күдігі туындаған Қоғам қызметкерлері аталған факт туралы ақпаратты дереу Комплаенс басшысына жіберулері тиіс.

3-тарау. Инсайдерлік ақпарат тізбесі

6. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына мыналар жатады:
 - 1) Қоғамның бағалы қағаздары (оның ішінде, акциялар, облигациялар, туынды бағалы қағаздар) және

олармен жасалатын мәмілелер туралы ақпарат;

- 2) Қоғамның бағалы қағаздарын шығарған (ұсынған) эмитент ретіндегі Қоғам және ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат;
 - 3) Қоғам қызметіне қатысты, көпшілікке қолжетімді болып табылмайтын кез келген ақпарат, егер ол ақпарат эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайына әсер ететін салдарларға байланысты осы эмитент шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнына ықпалын тигізуі мүмкін болса, онда ол инсайдерлік ақпарат қатарына ресми ашылған (жарияланған) сәтіне дейін жатқызылады.
7. Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және сауда-саттықты ұйымдастырушы қағидаларында (бар болса) айқындалады.
8. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:
- 1) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 2) инвестициялық шешімдер қабылдау және /немесе бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) жасалатын операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілген, бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, көпшілікке қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;
 - 3) Қоғамның қызметі туралы оған қол жеткізу шектеулері жоқ әрі талап етілмейтін немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ашуға жататын көпшілікке қолжетімді ақпарат;
 - 4) дереккөзі белгісіз, адамдар арасына кеңінен таралатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

4-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімі

9. Қоғам инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының талаптарында (Қоғамның бағалы қағаздары осы сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген және болған жағдайда) белгіленген тәртіпте және шарттарда ашады.
10. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қоғам тарапынан ашуға жататын ақпарат пен құжаттардың тізбесіне кірмейтін немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ашу тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген ақпаратқа жатпайтын инсайдерлік ақпарат Қоғамның Басқарма төрағасының келісімі бойынша, келісімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қоғамның интернет-ресурсында (веб-сайтында) жариялау жолымен ашылады. Бұл ретте осы тармақта көзделген инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімі Комплаенс басшысының және Басқарма төрағасының келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.
11. Қағидалар төмендегіше орналастырылатын жария құжат болып табылады:
- 1) Қоғам сайтында (бар болса) мемлекеттік және орыс тілдерінде;
 - 2) қаржылық есептілік депозитарийінің және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін сауда-саттықты ұйымдастырушының (Қоғамның бағалы қағаздары осы сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген және болған жағдайда) интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде.
12. Егер түрлі сауда-саттық ұйымдастырушыларының талаптарында инсайдерлік ақпаратты қамтитын хабарламаларды ұсынудың түрлі мерзімдері белгіленген болса, онда Қоғамның мұндай хабарламаларды сауда-саттық ұйымдастырушысына бір мезгілде жіберуі мақсатында ең қысқа мерзім негізге алынады.
13. Егер Қоғам қызметкері инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың талап етілетін құпиялылық дәрежесі сақталмауы мүмкін немесе аталған ақпараттың құпиялылығын бұзуға жол берілуі мүмкін деп есептесе, ол дереу тікелей басшысын немесе Комплаенс басшысын хабардар етеді (корпоративтік электронды пошта арқылы) және Қағидаларда белгіленген тәртіпте және мерзімдерде оны ашуға қатысты шаралар қолданады.

5-тарау. Қоғам инсайдерлері

14. Қоғам инсайдерлері болып танылады:
- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері;

- 2) Қоғамның Басқарма төрағасы және мүшелері;
 - 3) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғамның өзге де қызметкерлері;
 - 4) Қоғамның дауыс құқығын беретін акцияларының тікелей немесе жанама ұстаушылары болып табылатын және (немесе) тікелей не жанама түрде 10 (он) және одан да көп пайызына иелік ететін тұлғалар;
 - 5) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;
 - 6) талаптарында Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген жасалған шарттарға сәйкес бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Қоғамға қызметтер көрсететін басқа да тұлғалар;
 - 7) тізіміне Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
 - 8) сауда-саттықты ұйымдастырушының Директорлар кеңесінің, сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздарымен және басқа да қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын сауда-саттықты ұйымдастырушының листингтік комиссиясының мүшелері;
 - 9) уәкілетті органның және оның ведомствосының қызметкерлері, берілген функциялары мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;
 - 10) Қоғам және осы тармақтың 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар мүше болып табылатын, өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;
 - 11) қызметтік жағдайына және функционалдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, осы тармақтың 4), 5), 6), 7), 10) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлері;
 - 12) осы тармақтың 1)-11) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.
15. Комплаенс басшысы дәлелді негіздер болған жағдайда өзге тұлғаларды немесе ұйымдарды инсайдерлер ретінде тани алады.
16. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген Қоғамның инсайдерлері мен өзге де қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, инсайдерлік ақпараттың ресми ашылған (жарияланған) сәтіне дейін оның құпиялылығын қамтамасыз етеді.

6-тарау. Инсайдерлер тізімі

17. Комплаенс басшысы Қоғам қызметкерлері мен Қоғамның инсайдерлері ұсынған ақпарат негізінде инсайдерлер тізімін жүргізуді және оны өзектендіруді жүзеге асырады. Ақпарат электронды пошта немесе Қоғамда қабылданған электронды құжат айналымы жүйесі (болған жағдайда) арқылы беріледі. Инсайдерлер тізіміне (осы Қағидаларға 5-қосымша) 5-тарауда көрсетілген тұлғалар енгізіледі.
18. Инсайдерлер тізімін Комплаенс басшысы тоқсан сайын келесі мәліметтер негізінде жасайды:
- 1) Қағидалардың 5-тарауы 14-тармағының 1)-3) тармақшалары бойынша – кадр мәселелері бөлімшесінің ақпараты негізінде.
 - 2) Қағидалардың 5-тарауы 14-тармағының 4)-11) тармақшалары бойынша – лауазымдық міндеттеріне сәйкес ондай адамдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын не олармен іскерлік қатынастар орнататын Қоғам қызметкерлерінің ақпараты негізінде.
 - 3) Қағидалардың 5-тарауы 14-тармағының 12) тармақшасы бойынша – Қағидалардың 14-тармағының 1)-11) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалардың ақпараты негізінде.
19. Қағидалардың 5-тарауы 14-тармағының 5)-12) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпаратты Қоғамның инсайдерлері Қағидалардың 7-тарауында көрсетілген мерзімдерде, оның ішінде олар туралы ақпаратты Комплаенс басшысына беруге жауапты тұлғалардан хабарлама (Қағидаларға 2-қосымша) алғаннан кейін ұсынады.
20. Қағидалардың 5-тарауында көрсетілген инсайдерлер тізіміне енгізуге немесе инсайдерлер тізімінен шығаруға жататын тұлғалар бойынша ақпарат Комплаенс басшысына оның поштасының электронды мекенжайына ақпарат жіберу арқылы ұсынылады және келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:
- 1) инсайдердің тегі, аты, бар болса әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін), атауы (заңды тұлғалар үшін);

- 2) түрі (жеке немесе заңды тұлға);
 - 3) туған күні (жеке тұлғалар үшін);
 - 4) орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін);
 - 5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін);
 - 6) инсайдерлер тізіміне енгізуге негіз;
 - 7) инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің туындаған күні;
 - 8) инсайдерлер тізімінен шығару күні (мысалы, бұйрыққа не жасалған шартқа сәйкес);
 - 9) ақпарат берілген күнге Қоғамның бағалы қағаздарын инсайдердің иелену фактісі туралы деректер (бар болса).
21. Қоғамның қызметкерлері Қағидалардың 6-тарауына сәйкес берілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ оны беру мерзімдерінің сақталуына және оны өзекті күйде ұстауға (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) дербес жауапты болады.
- Комплаенс басшысы қосымша мәліметтерді және (немесе) растайтын құжаттарды сұратуға құқылы.
22. Алынған ақпараттың негізінде Комплаенс басшысы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейінгі мерзімде есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша инсайдерлер тізімін жасайды және оған Қоғамның Басқарма төрағасының не оны алмастыратын тұлғаның қолын қойғызады.

7-тарау. Инсайдерлерді хабардар ету тәртібі мен мерзімдері

23. Қоғам Қағидалардың 5-тарауында көрсетілген тұлғаларды оларды инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) жайында хабардар етеді (осы Қағидаларға 1-4-қосымшаларда келтірілген хабарламалар нысаны бойынша).
24. Инсайдерді хабардар етуге сол инсайдермен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын Қоғам қызметкері, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлері болып табылатын инсайдерлерге қатысты кадр мәселелері жөніндегі бөлімшелер жауапты болып табылады.
25. Хабарламаларды Қоғамның жауапты қызметкерлері Комплаенс басшысынан ондай тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) туралы ақпарат алғаннан кейін, бірақ олар енгізілген (шығарылған) күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз жеткізгіште жібереді. Инсайдерлер тізіміне енгізілген немесе одан шығарылған Қоғам қызметкерлеріне Қағидаларға 1-қосымшаға және 3-қосымшаға сәйкес нысандағы хабарламалар электронды пошта арқылы олардың корпоративтік электронды мекенжайларына жіберілуі мүмкін.
26. Хабарламалардың көшірмелері Комплаенс басшысына оның поштасының корпоративтік электронды мекенжайына ақпаратты жолдау арқылы дереу жіберіледі.

8-тарау. Инсайдерлердің ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері

27. Қағидалардың 5-тарауы 14-тармағының 4)-12) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар төмендегілерге міндетті:
- 1). қызметтік жағдайына және функционалдық міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің (оның ішінде лауазымды тұлғаларының) тізімін жүргізу;
 - 2) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Қағидалардың инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары жайынан хабардар ету;
 - 3) Қағидаларда белгіленген тәртіппен қызметтік жағдайына және функционалдық міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері жайынан Қоғамды хабардар ету;
 - 4) ондай қызметкерлермен олар қол жеткізе алатын Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялылықты сақтау туралы келісімдер жасасу.
28. Қағидалардың 5-тарауының 4)-12) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар Қоғамды жазбаша хабардар етеді:

- 1) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алатын қызметкерлер (оның ішінде лауазымды тұлғалар) туралы қызметкерлерге (оның ішінде лауазымды тұлғаларға) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) қызметкерлердің (оның ішінде лауазымды тұлғалардың) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу өкілеттіктерін тоқтату (күшін жою) туралы, оның ішінде қызметкер жұмыстан босатылған/өкілеттігі тоқтатылған жағдайларда ондай қызметкерлердің Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі тоқтатылған (жойылған) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей.
29. Қағидалардың 5-тарауының 5)-12) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың Қоғамды хабардар етуі тиісті өкілеттіктері бар адамның қолы қойылған қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.
30. Қағидалардың 5-тарауының 5)-12) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу тұрғысынан Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Қағидалардың талаптарын сақтауға, оның ішінде қызметкерлерге (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік беру және/немесе қолжетімділігін тоқтату (күшін жою) туралы Қоғамды және өз қызметкерлерін (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) уақтылы хабардар етуге жауапты болады.

9-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа және инсайдерлер тізіміне қол жеткізу ережелері

31. Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады және сақтауға жатады. Қоғам ішінде инсайдерлер тізіміне Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Басқарма төрағасы мен мүшелері, Комплаенс басшысы, Ішкі аудит қызметінің басшысы, Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы, Корпоративтік хатшы, Заң басқармасының заңгері, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушымен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын бөлімшенің өзге де қызметкерлері қол жеткізе алады.

Өзге қызметкерлер инсайдерлер тізіміне тиісті негіздемелер болған жағдайда Комплаенс басшысының келісімі бойынша ғана қол жеткізе алады.

32. Қоғам инсайдерлеріне кез келген уақытта тыйым салынады:

- 1) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын өз мүдделері үшін немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдалана отырып, Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) бағалы қағаздар нарығындағы жағдайға ықпал ету, бағалы қағаздар нарығындағы субъектілердің мінез-құлқын, сондай-ақ нарық қатысушыларының Қоғам туралы немесе Қоғамның бағалы қағаздарының болашақ бағасы туралы пікірлерін өзгерту мақсатында дәйексіз мәліметтер таратуға;
- 4) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;
- 5) үшінші тұлғаларға Қоғамның инсайдерлік ақпаратына негізделген Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар мен ұсыныстар беруге;
- 6) инсайдерлік ақпарат жария болатын сәтке дейін Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға.

Бұл талаптар Қоғам клиенттерінің инсайдерлік ақпараты тұрғысынан Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына да қатысты.

33. Қоғамның инсайдерлері осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарын сақтауға және оған уәкілеттік берілмеген адамдардың Қоғамның инсайдерлік ақпараты бар құжаттар мен файлдарға қол жеткізуіне тиісті бақылауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ мұндай ақпаратты құқық берілмеген адамдар естуі мүмкін кез келген жерде талқылаудан аулақ болуға міндетті.
34. Қоғам инсайдерлерінің Қағидалардың талаптарын бұзғаны туралы ақпарат алған кезде, Қоғам келесі шешімдердің бірін немесе бірнешеуін қабылдауға құқылы (бірақ онымен шектелмейді):
- 1) инсайдерлік ақпараттың жылыстау көздерін, сондай-ақ кінәлі адамдарды анықтау мақсатында тексеру жүргізуге бастамашылық жасау;
 - 2) сауда-саттықты ұйымдастырушыға, мемлекеттік және сот органдарына ақпарат жіберу, оның ішінде олардың мәмілелерді жарамсыз деп тануы немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған не Қоғам инсайдерлерінің әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан болған

материалдық зиянды және (немесе) Қоғамның іскерлік беделіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында жасалған деп тануы мақсатында;

- 3) қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіптік және (немесе) материалдық жазалау шараларын қолдану;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар.
35. Комплаенс басшысы өз бастамасы бойынша кез келген уақытта Қазақстан Республикасы заңнамасы және Қоғамның ішкі құжаттары талаптарының тиісінше орындалуын тексеруді жүзеге асыруға, инсайдерлер ұсынған ақпарат пен деректердің дұрыстығын тексеруге, қажетіне қарай растау құжаттарын сұратуға, сондай-ақ ақпаратты Қоғамның Басқармасының және (немесе) Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге құқылы.
36. Қоғам қызметкерлері өздеріне белгілі болған кез келген фактілер жайында тікелей басшыны, сондай-ақ Комплаенс басшысын дереу хабардар етуге міндетті:
- 1) Қоғам қызметкерлерінің, инсайдерлердің және олардың жақын туыстарының Қоғамның, клиенттер мен Қоғам серіктестерінің инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалануы, оның ішінде өз мүдделеріне пайдалануы туралы;
 - 2) Қоғамның, клиенттердің және Қоғам серіктестерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес оларға ашуға жатпайтын, бірақ оларға, оның ішінде инсайдерлерден немесе өзге де тұлғалардан, белгілі болған инсайдерлік ақпарат туралы;
 - 3) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүзеге асыру әрекеттері туралы.

10-тарау. Қорытынды ережелер

37. Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгеруіне қарай қайта қаралуы мүмкін.
38. Қағидалар талаптарының тиісінше орындалуы үшін жауапкершілік Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ Қоғамның өзге де инсайдерлеріне жүктеледі.

Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шектеулер мен тыйымдар сақталмаған, инсайдерлік ақпарат заңсыз пайдаланылған және таратылған жағдайда, ондай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартылады.

Қоғамның қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

39. Қоғам инсайдерлері төмендегілерді түсінеді:
- 1) Қағидаларды бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жасағаны үшін, оның ішінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып, инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) аумағында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле жүзеге асырылған елдің заңнамасында көзделген дербес жауапкершілікті көтереді;
 - 2) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында, Қағидаларда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын инсайдерлер немесе олар жасаған мәмілелер туралы ақпаратты уәкілетті органға немесе сауда-саттықты ұйымдастырушыға беруге құқылы;
 - 3) Қоғамның талабы бойынша қаржы ұйымдарынан инсайдер клиент, делдал немесе өзге тұлғаның атынан сенімхат бойынша әрекет ететін тұлға болып табылатын осы ұйыммен/ұйым арқылы жүзеге асырылатын мәмілелер/операциялар туралы ақпаратты (оның ішінде құпия ақпарат, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын) алуға Қоғамға келісім береді.
40. Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

"ЕвроЦентрАстана" АҚ
Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны
пайдалануды ішкі бақылау қағидаларына
1-қосымша

Жеке тұлғаның "ЕвроЦентрАстана" АҚ инсайдері мәртебесін алғаны туралы хабарлама

Осы арқылы "ЕвроЦентрАстана" АҚ (бұдан әрі – Қоғам) _____-на (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) 20__ жылғы "____" _____ бастап Сіздің "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 56-1 бабы 3-тармағына сәйкес Қоғам инсайдері болып танылғаныңыз туралы хабарлайды. Осыған байланысты Сіз "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын қоса алғанда, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ _____ *орналастырылған немесе қоса беріліп отырған (___ парақ)** Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларының талаптарын (бұдан әрі - Қағидалар) сақтауға міндеттісіз, оның ішінде:

- 1) эмитенті Қоғам болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- 2) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- 3) үшінші тұлғаларға Қоғамның инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар бермеуге.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қағидалардың талаптарын бұзғаныңыз үшін Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты боласыз.

Орындаушы: _____

Байланыс мәліметі: _____

** қосымша мәтін*

(нысанды толықтыруға/өзгертуге болады)

"ЕвроЦентрАстана" АҚ
Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны
пайдалануды ішкі бақылау қағидаларына
2-қосымша

Заңды тұлғаның "ЕвроЦентрАстана" АҚ инсайдері мәртебесін алғаны туралы хабарлама

Осы арқылы "ЕвроЦентрАстана" АҚ (бұдан әрі – Қоғам) _____ (заңды тұлғаның атауы) (бұдан әрі – Ұйым) 20__жылғы "____" _____ бастап "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 56-1 бабы 3-тармағына сәйкес Қоғам инсайдері мәртебесін алғаны туралы хабарлайды. Осыған байланысты Ұйым "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын қоса алғанда, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ _____ *орналастырылған немесе қоса беріліп отырған (___ парақ)** Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларының талаптарын (бұдан әрі - Қағидалар) сақтауға міндетті,

оның ішінде:

- 1) эмитенті Қоғам болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- 2) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- 3) үшінші тұлғаларға Қоғамның инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар бермеуге;
- 4) қызметтік жағдайына және функционалдық міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 5) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қағидалардың Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары жайынан хабардар етуге;
- 6) Қағидаларда белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қызметтік жағдайына және функционалдық міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері

туралы Қоғамды хабардар етуге;

- 7) Қоғам мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдарды олардың Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу тұрғысынан Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қағидалардың талаптарын (ондай ұйымдарға Қоғамның инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда) сақтауы қажеттігінен хабардар етуге;
- 8) Қоғамды Қағидаларда белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Ұйым мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар туралы хабардар етуге (ондай ұйымдарға Қоғамның инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда).

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін Ұйым (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Орындаушы: _____

Байланыс мәліметі: _____

** қосымша мәтін*

(нысанды толықтыруға/өзгертуге болады)

"ЕвроЦентрАстана" АҚ
Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны
пайдалануды ішкі бақылау қағидаларына
3-қосымша

Жеке тұлғаның "ЕвроЦентрАстана" АҚ инсайдері мәртебесінің жойылғаны туралы хабарлама

Осы арқылы "ЕвроЦентрАстана" АҚ (бұдан әрі – Қоғам) _____-на (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) 20__ жылғы "___" _____ бастап Сіздің "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 56-1 бабы 3-тармағына сәйкес Қоғам инсайдері мәртебеңіз жойылатыны туралы хабарлайды.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларымен Қоғам сайтында таныса аласыз (_____).*

Орындаушы: _____

Байланыс мәліметі: _____

** қосымша мәтін*

(нысанды толықтыруға/өзгертуге болады)

"ЕвроЦентрАстана" АҚ
Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны
пайдалануды ішкі бақылау қағидаларына
4-қосымша

Заңды тұлғаның "ЕвроЦентрАстана" АҚ инсайдері мәртебесінің жойылғаны туралы хабарлама

Осы арқылы "ЕвроЦентрАстана" АҚ (бұдан әрі – Қоғам) _____ (заңды тұлғаның атауы), 20__жылғы "___" _____ бастап Қоғам инсайдері мәртебесінің жойылатыны туралы хабарлайды.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларымен Қоғам сайтында таныса аласыз (_____).*

Орындаушы: _____

Байланыс мәліметі: _____

** қосымша мәтін*

(нысанды толықтыруға/өзгертуге болады)

"ЕвроЦентрАстана" АҚ
Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны
пайдалануды ішкі бақылау қағидаларына
5-қосымша

"ЕвроЦентрАстана" АҚ инсайдерлерінің тізімі

№	Тегі, аты, бар болса әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін) Атауы (заңды тұлғалар үшін)	Түрі (жеке немесе заңды тұлға)	Туған күні (жеке тұлғалар үшін)	Орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін)	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін)	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме туындаған күн	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күн	Ақпарат ұсыну күніне Қоғамның бағалы қағаздарына иелік ету фактісі туралы деректер
Жеке тұлғалар									
Заңды тұлғалар									

(нысанды басқа бағандармен толықтыруға болады)